

БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ «АЛТЫН ТҰҒЫР» ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы Ереже

1.1. Математика пәні бойынша бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған республикалық «Алтын тұғыр» олимпиадасын (бұдан әрі - Олимпиада) өткізу туралы Ережесі Олимпиаданы ұйымдастыру, өткізу, қатысу және Олимпиаданың жеңімпаздарын анықтау тәртібін реттейді.

1.2. Ереже «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру, «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы №514 Бұйрығын (ҚР Білім және ғылым министрінің 25.05.2021 № 232 өзгертілген) орындау мақсатында әзірленді.

II. Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері

II.1. Олимпиаданың мақсаты – бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби қызметінде жоғары нәтижелерге жетуге ұмтылысын жетілдіру.

II.2. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуеті мен педагогикалық шеберлігін дамыту, мұғалім мамандығының мәртебесін арттыру.

II.3. Олимпиаданың негізгі міндеттері:

- мұғалімдердің кәсіби дағдыларын жетілдіру, шығармашылықпен айналысатын мұғалімдерді анықтау, қолдау, ынталандыру;

- жоғары деңгейдегі олимпиадаларға дайындық жолдарын үйретіп, бағыт беру;

- бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

- республика көлеміндегі бастауыш сынып мұғалімдерінің тәжірибе алмасуына ықпал ету.

III. Олимпиаданы өткізу тәртібі мен қатысу шарттары

III.1. Олимпиаданың өткізу тәртібін Ұйымдастырушылар бекітеді. Ұйымдастырушылар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) мен «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебі.

III.2. Олимпиада Нұр-Сұлтан қаласында офлайн режимде, мемлекеттік және орыс тілдерінде өткізіледі.

III.3. Олимпиадаға қатысушылар саны шектеулі, өңірлік «Дарын» орталықтарының ұсынуымен әр облыстан 8 (сегіз) мұғалім қатысады.

III.4. Олимпиада жеңімпаздары соңғы 3 жыл аталған олимпиадаға қатыстырылмайды.

III.5. Олимпиадаға қатысу үшін ақы алынбайды. Өткізу шығындарын «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебі өтейді.

III.6. Олимпиада қатысушыларының шығындары (келіп-кету, тамақтану, тұратын жері т.б.) жергілікті атқарушы органдары немесе қатысушының өз тарапынан қарастырылуы тиіс.

III.7. Олимпиада **бір кезеңнен, үш бөлімнен** тұрады:

Олимпиада тапсырмалары бастауыш сынып бағдарламаларын негізге ала отырып құрастырылған авторлық есептер, басым бөлігі логикалық есептерден тұрады. Орындауға жалпы **90 минут** беріледі, бағалау көрсеткіші **100 ұпай**.

I-бөлім. «Дұрыс жауапты тандау». 10 сұрақтан тұратын тест тапсырмасы берілген. Әр сұрақтың 5 жауап нұсқасы бар. Әр тапсырмаға 4 ұпайдан беріледі, барлығы 40 ұпайды құрайды.

II-бөлім. «Бос орынды толтыру». Қалдырылған бос орынға есептің жауабын жазу керек. Бұл бөлімде 10 тапсырма, әр тапсырмаға 4 ұпайдан беріледі. Барлығы 40 ұпайды құрайды.

III-бөлім. «Есептеу, дәлелдеу». Мұнда 2 есеп беріледі. Есептің шарты көрсетілген. Тапсырманың шешу барысы, жауабы толық жазылады. Әр тапсырманың дұрыс жауабына 10 ұпайдан, барлығы 20 ұпай беріледі.

Ескерту:

2021 жылдың 5 қаңтар күні «Бастауыш мектепте олимпиадалық және логикалық есептерді шешу тәсілдері» тақырыбында семинар өтеді. Семинар барысында республикалық «Алтын тұғыр» олимпиадасының Ереже нұсқаулықтары және өткізу туралы ақпараттар беріледі.

IV. Марапаттау

IV.1. Олимпиада жеңімпаздары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» РҒПО-ның I, II, III дәрежелі дипломдарымен, грамоталарымен марапатталады.

IV.2. Олимпиада қатысушыларына «Дарын» РҒПО-ның сертификаттары беріледі.

V. Ұйымдастыру комитеті

V.1. Ұйымдастыру комитеті олимпиаданы өткізеді, өтінімдерді қабылдап, қатысушылардың тізімін жасайды, өткізу мерзімі мен орнын анықтайды. Қазылар алқасының құрамын тағайындайды.

5.2. Олимпиада материалдарын дайындау ұйымдастыру комитетінің төрағасына жүктеледі.

VI. Олимпиаданың қазылар алқасы

Қазылар алқасы:

6.1. Тапсырманы тексеру және жұмыс нәтижелерін бағалау үшін бірыңғай талаптарды сақтауды қамтамасыз етеді;

6.2. Жұмыстарды тексереді және бағалайды, тексерілген жұмыстардың қорытындысын ұйымдастыру комитетіне береді;

6.3. Жеңімпаздар тізімін анықтайды және бекітеді;

6.4. Соңғы шешімді қабылдайды, шешім қайта қарауға жатпайды және апелляциялық комиссия құрылмайды.

6.5. Қазылар алқасының құрамына республикалық, халықаралық олимпиада жеңімпаздарының жетекшілері - «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебінің тәжірибелі математика пәні мұғалімдері және Назарбаев Университетінің ғылыми жетекшілері кіреді.

6.6. Қазылар алқасы қатысушылардың жұмыстарын тексеріп, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.